



### БАҒА БАҚЫЛАУДА МА?

6-БЕТ | ҚОҒАМ



### БАЛАЛАР ТАМАҒЫ САПАЛЫ МА?

7-БЕТ | БІЛІМ



### МАЭСТРО

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ОТБАСЫ КҮНІ МЕРЕКЕСІНІҢ ОТАНЫМЫЗ ҮШІН МАҒЫЗЫ АЙРЫҚША. БАҚЫТТЫ ӘРІ БЕРІК ШАҒЫРАҚ – ЕЛІМІЗДІҢ ИГІЛІГІ МЕН ӨРКЕНДЕУІНІҢ КЕПІЛІ. МЕМЛЕКЕТ ОТБАСЫ ИНСТИТУТЫН ҚОЛДАП, ОСЫ САЛАДА КЕШЕНДІ САЯСАТ ЖҮРГІЗЕ БЕРЕТІН БОЛАДЫ.

№56  
(4489)  
Сенбі  
13 мамыр  
2023 жыл



# ASTANA

ELORDA  
AQPARAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАЙДЫ



## НЕГІЗСІЗ ТАЛАПТАРДЫ АЛЫП ТАСТАДЫ

Елімізде кәсіпкерліктің құқын қорғау бойынша енгізілген «таза парақтан» реттеу нормасы бизнеске қойылатын 10 мың негізсіз талапты алып тастады.

Ал бұл саладағы мемлекеттік бақылауды автоматтандыру жұмысты біршама жеңілдеткен. Бұл бастама кәсіпкерлердің ашық әрі адал жұмыс істеуіне сеп болуда. Бұл мәселе туралы Премьер-министр Әлихан Смайылов бизнес өкілдерімен өткізген кездесуде жария етті. Үкімет басшысы қазір жүктемені азайтып, салықтық рәсімдер жеңілдетуді көздейтін жаңа Салық кодексі жазылып жатқанын айтты.

## QR-КОДТАР ОРНАТЫЛАДЫ

Елорда прокуратурасының бастамасымен орта білім беру мекемелерінде оқушыларға қатысты құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында QR-кодтар орнату жұмыстары жалғасуда.

«Бұл QR-кодтар мектеп оқушылары мен олардың ата-аналарына мектеп психологтарына, профилактика менеджерлеріне, әлеуметтік педагогтарға, учаскелік инспекторларға, сондай-ақ мектеп әкімшілігіне психологиялық қолдау, буллинг және басқа да мәселелер бойынша тікелей жүгінуге мүмкіндік береді» дейді Астана қаласы прокуратура-рының орынбасары Б.Мизанбаев.



## ОТБАСЫ – ОТАН ӨЗЕГІ

Отан отбасынан басталады. Болашақта Отанын сүйетін, соның бақыты үшін өмір сүретін әр адам отбасылық құндылықтарды жастайынан санасына сіңіріп өсуі тиіс. Өзінің отбасындағы адамдарға адалдық, сүйіспеншілік сезім алдағы өмірде үлкен мұраттарға жетелейді. Осы тұрғыдан алғанда, отбасының алатын орны ерекше. БҰҰ Бас Ассамблеясының шешімімен 1993 жылғы 15 мамырдан бастап әлемде Халықаралық Отбасы күні атап өтіледі. Мерейлі мерекенің мәні мен маңызы тереңде жатыр. Ал бұл күннің негізгі мақсаты – қоғамның назарын отбасының мәселелеріне, оны сақтауға және нығайтуға аудару.

## ҚОСЫМШАЛАР КӨБЕЙДІ

«Астанада Beeline «Менің Beeline», Tele2 және Altel операторларының мобильді қосымшалары арқылы қоғамдық көлікте жолақысын төлеу қолжетімді болды» деп хабарлады City Transportation System компаниясы.

Енді QR кодын сканерлеу арқылы автобуста жолақысын мына мобильді қосымшалар арқылы төлеуге болады: Kaspi.kz, Homebank, «Төлем», «Менің Activ», Kcell, «Менің Beeline», «Теле2 Қазақстан», Altel.

Жолақысын көлік картасымен де төлеуге болады.



## МӨЛШЕРЛЕМЕСІ ТӨМЕНДЕЙДІ

2023 жылғы 15 мамырынан бастап «Отбасы банкінде» аралық заемдар бойынша сараланған сыйақының төмендетілген мөлшерлемелері қолданылады.

Осыған дейін мөлшерле-ме жылдық 7%-дан 11,5%-ға дейін болса, енді бұл дәліз 6%-10% аралығында белгіленді.

Осы уақытқа дейін «Отбасы банктегі» депозиттеріне алдын ала қаражат жинамай, тұрғын үй құнының 50% бірден салған клиенттер 11,5% құрайтын

ең жоғары мөлшерлеменен аралық тұрғын үй заемын алуға үміткер бола алатын. Бұл ретте БК мәні нөлге тең болатын. 2023 жылдың 15 мамырындағы жағдай бойынша заем алуға алды-ақ мақұлдауы бар банк клиенттері несиені бұрынғы талаптармен ала алады.



ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 490.97 \$ USD/KZT 445.28 ₪ RUB/KZT 5.8 ¥ CNY/KZT 64.65

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz





## ПРЕЗИДЕНТТІҢ СҰХБАТЫ КӨРСЕТІЛДІ

Қытайдың CCTV телеарнасының эфирінен Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың сұхбаты көрсетілді.

Президент ҚХР-ға мемлекеттік сапары қарсаңында еліміздің Қытаймен саяси-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығының даму перспективаларына, қазақ-қытай

қатынастарының тарихы мен бүгінгі жай-күйіне, жаһандық және өңірлік саясатқа қатысты Leaders Talk бағдарламасының сұрақтарына жауап берді.

Leaders Talk – халықаралық

проблемалар талқыланатын бағдарлама. Бұған дейін аталған бағдарламаға 20-дан астам мемлекеттің басшылары мен халықаралық ұйымның жетекшілері эксклюзивті сұхбат берген.

## 100 ОТБАСЫ ГАЗҒА ТЕГІН ҚОСЫЛАДЫ

Астанада әлеуметтік аз қамтылған 100 отбасы газға тегін қосылады. Олардың ішінде зейнеткерлер, мүгедектігі бар адамдар, көпбалалы және т.б. бар. Қала әкімдігі Halyk банкімен бірлесіп Алматы және Сарыарқа аудандарындағы жүз жеке үйді тегін газдандыру туралы меморандумға қол қойды.



Жалпы бюджеті 230 млн теңгені газдандыру жобасы Halyk банкінің 100 жылдығына арналған «100 игі іс» ауқымды науқаны аясында іске асырылуда. 2023 жылы Halyk Bank қаражаты есебінен мұқтаждығы бар отбасылар арасында 230-ға жуық тұрғын үй – Астанадағы 100 үйді және

Алматы қаласының Наурызбай, Алатау және Медеу аудандарында тұратын 130 үйді газға толықтай қосу үшін қаржыландыру жоспарланып отыр.

– Астана қаласындағы Алматы және Сарыарқа аудандары газбен толық қамтамасыз етілген. Мұнда шамамен 12 мың абонент болса,

соның ішінде 8 мыңнан астам абонент газға қосылды. Үйлерді газға қосу шығындарын азайту үшін жүйелі жұмыстар жүргізілді. Халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 450 мың теңгеге жуық сомаға газдандыру шығындарына өтемақы беру көзделген, сондай-ақ құны 150 мың теңгеге жуық есептеу аспаптары тегін беріледі. Бұрын банк арқылы пайызсыз несиелеу бағдарламасы іске қосылған болатын. Енді Halyk-пен елордадағы 100 үйді тегін газдандыру жобасын іске асыруға кірісеміз. Қалған аудандар бойынша газ құбырын жеткізу желілерін, кварталшілік желілерді салу жұмыстары келесі жылы жүргізіледі. Газдандыру процесі – Мемлекет басшысының бақылауында, – деді Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек.

Елорда әкімшілігі әлеуметтік осал топтар санатына жататын мұқтаж адамдардың тізімін ұсынды. Оларға газдандыруды өз бетінше төлеуге мүмкіндігі жоқ тұрғындар енгізілді. Банктің басқарма төрағасы Үміт Шаяхметованың айтуынша, аталған банк бірнеше жыл бойына газдандыру мәселесін шешуге өз ресурстарын салып келеді.

## БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ – ТАБЫСТЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ ӨЗЕГІ



15 мамыр – Халықаралық Отбасы күні. Келешекте бұл датаның қазақстандықтар үшін де маңызды мерекеге айналарына сенім білдіреміз. Бақытты отбасы – табысты мемлекеттің өзегі.

Әлеуметтік зерттеулер нәтижелеріне сенсек, біздің отандастарымыздың дені отбасын – ең басты құндылық санайды екен. Десе де, бұл салада реттеуді қажет ететін проблемалар да жоқ емес: отбасында болатын тұрмыстық зорлық-зомбылық, саналы ата-ана мен отбасы тәрбиесіндегі әкенің ролі, көпбалалы отбасылардың әл-ауқатының төмендігі және тағы басқалар.

Жалпы отбасы саясатына қатысты мәселенің барлығы – Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының үнемі назарында. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2022 жылы «2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы» қайта пысықталған еді. Оның негізінде мемлекет және қоғамдық институттар тарапынан отбасылардың әл-ауқатын арттыру бойынша кешенді шаралар қабылданып жатыр.

Өздеріңізге мәлім, Мемлекет басшысы «Толық адам» тұжырымдамасын үнемі

айтып жүреді. Бұл дегеніміз, бірінші кезекте, аға буынның ақыл-кеңесі мен жинаған тәжірибесін бойға сіңіре отырып, жаңа білім алуға құлшынысты жаңа заман адамы. Ал мұндай жан-жақты толыққанды тұлғаны бақытты, тәрбиелі, махаббат билік құрған толық отбасы ғана тәрбиелей алады. Сондықтан отбасы құндылықтарының алға озып, әл-ауқаттың өсуі қай кезде де мемлекет үшін де, қоғам үшін де маңызды міндет болып қала береді.

Осы орайда, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия әлеуметтік желілерде отбасы құндылықтарын дәріптеу бойынша арнайы флешмоб ұсынады. Еліміздің барлық азаматтарын осы бастаманы қолдауға, отбасы құндылығын біріге насихаттап, қорғауға шақырамын. Оған қатысу үшін түрлі әлеуметтік платформаларда «#Отбасым» хэштегін белгілей отырып, отбасылық

тәрбие, оның маңызы, жанұя мүшелерімен түскен жарқын суреттер, басқаларға үлгі қылып көрсетуге тұрарлық тағлымды жайттар мен қызықты оқиғалармен тіпті, әрбір азаматтың өзінің үлгілі отбасын келешекте қалай көргісі келетіні туралы асыл армандарымен бөлісуге болады. Осылайша, біз отбасы құндылығын насихаттауға титтей де болса маңызды үлесімізді қоса аламыз. 15 мамыр – Халықаралық Отбасы күнінде бізді қанша қазақстандық қолдап, «#Отбасы» хэштегінің қаншалықты кең тарағанын көре аламыз.

**Аида БАЛАЕВА,**  
Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасары, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссиясының төрағасы



## ҮЛЕСКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек құрылысы ұзаққа созылған нысандарды аралап, үлескерлермен кездесті.

«Біз ұзаққа созылған нысандардың құрылысын назарда ұстаймыз. «Зере-2», «Араби 2 - Гранитный 2», «Мирный дом», «Коргалжинский квартал» секілді құрылысы ұзаққа созылған нысандарды аралап шықтым. Олардың әрқайсысының өткен тарихы әртүрлі, өз пәтерін 10 жылдап күтіп жүрген тұрғындар бар. Кей-

бір нысандардың құрылысы кестеден қалып барады, ал енді бір жерінде құрылыс сапасы көңілге қонымсыз» деп жазды қала басшысы өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында.

Жеңіс Қасымбек тұрғын үй салушылардың мойнында жұмыс қарқынын арттыру, құрылыс маусымын барынша пайдалану, сол сияқты

сапаға ерекше көңіл бөлу міндеттері тұрғанын атап айтты. «Жылу беру маусымына дейін нысандар жылу жүйесіне қосылуы керек. Құрылыс жүргізушілер әрбір тұрғын үйді қатардағы жай нысан ретінде қарастырмауы керек, оның артында өз пәтерін жылдар бойы күтіп жүрген жандардың тағдыры бар» деді әкім.

### ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Нью-Йорктегі SUNY Westchester Community College-де сөйлеген сөзінде Дж.Байден дефолт жағдайында АҚШ экономикасы рецессияға ұшырайтынын, 8 миллион америкалық жұмысынан айырылатынын және елдің әлемдегі беделіне қатты нұқсан келетінін атап өтті.

Осы жылдың қаңтарында АҚШ 2021 жылдың желтоқсанында Конгресс белгілеген 31,4 триллион долларлық қарыз шегіне жетті.



Француз президенті Эммануэль Макрон бизнес өкілдерімен кездесуде, егер кәсіпкерлер жасыл технологияларға инвестиция салса, салық жеңілдіктеріне ие болады деп мәлімдеді.

Бұл 2030 жылға қарай 20 миллиард еуро жеке инвестиция тартуға және Франция аумағында ондаған мың жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді. Мұндай жеңілдік аккумуляторлар, жылу сорғылары, жел турбиналары мен күн батареялары өндірісін қолдауға бағытталған.



Өзбекстанға халықаралық компаниялар мен банктер инвестиция көлемін арттыруда.

Инвесторлар республиканың тартымды салықтық және заңнамалық қолайлығын, сондай-ақ жастары қосымша елдің еңбек нарығын атап өтті. Соңғы 6 жылда Өзбекстанға халықаралық инвестиция 10 еседен астам өсті. Өзбекстан билігі алдағы төрт жылда олардың көмегімен 100 миллиардтан астам қаржы тартуды күтуде.



## «RUKHTYLAR» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ ҚҰРЫЛДЫ



Бүгін елордада «Rukhtylar» қоғамдық қоры құрылды. Азаматтық бастамалар орталығында өткен қордың салтанатты ашылу рәсіміне астанадағы өзге де қор өкілдері мен Астана қалалық Ішкі саясат басқармасының басшысы Дәурен Бабаұратов қатысты.

**Райхан РАХМЕТОВА**

– Бүгін, міне, елордадағы қоғамдық қорлар қатары тағы бір жаңа ұйыммен толығып отыр. Бұл қор соңғы 3-4 жылда елордада әртүрлі қоғамдық бастамалардың басы-қасында жүрген азаматтардың

басын біріктіре отырып құрылып отыр. Біз мұны құптап, қолдаймыз. Қадамы құтты болсын дейміз! Бұл тек басы ғана, алда сіздерді үлкен жауапты жұмыстар күтіп тұр. Әрбір жаңадан құрылған үкіметтік емес ұйымға біз қуанамыз, қашан да көмектесіп, кеңес беруге басқарма дайын, – деді Д.Бабаұратов. Қордың құрылтайшысы Мөлдір

Омарханқызы жаңа ұйымның бағыты, мақсат-міндеттерімен таныстырды. Қор азаматтардың ерікті мүліктік жарналары негізінде құрылған. Ол әлеуметтік, қайырымдылық, мәдени, білім беру және өзге де қоғамға пайдалы мақсаттарды көздейді. Сонымен қатар спорттық іс-шараларды ұйымдастыруға атсалысып, тіл мәселесіне де бейжай қарамайды.

– «Түрік тілінің ішіндегі гауһары – қазақ тілі» деген Мәшһүр Жүсіп. Біздің қордың ең негізгі бағыты – әлемдік қоғамдастықта мемлекеттік тіл мен әдебиетінің әлеуетін қолдау және насихаттау, мемлекеттік тілді үйренуді ынталандыруға бағытталған жобаларды қолдай отырып, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту. Біздің қор заң аясында мемлекеттік тіліміздің елімізде кең насихатталуына үлес қосқысы келеді. Мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік, мәдени дамуында үкіметтік емес ұйымдар орасан зор рөл ойнайды. Қоғамның азаматтануына дұрыс бағытты көрсетіп беретін бірден-бір құрал мемлекеттік емес қоғамдық ұйымдар болып табылады! Қазіргі таңдағы әрбір іс-әрекетіміз – ертеңгі ұрпаққа үлгі болуы шарт! – дейді М.Омарханқызы.

Одан әрі қор басшысы Айнагүл Мұзафар, «Қара шаңырақ» РҚБ директоры Тұрар Шақен, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігінің Астана қаласы бойынша филиалы төрағасының орынбасары Айдын Құмарбекұлы сөз алып, ұйымның алдағы жұмыстарына табыс тіледі.

## АНАЛАР ҮЙІНІҢ ЖЫЛУЫ

Елордадағы «Аналар үйі» қоғамдық қоры он жылдық мерейтойын атап өтті. Салтанатты іс-шараға ҚР Мәжілісінің депутаты Қарақат Әбден, Астана қаласы әкімдігінің жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның хатшысы Қарлығаш Сәркенова және т.б. қатысып, құттықтау сөз сөйледі.

**Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ**

Түрлі жағдайлардың әсерінен жетім қалған балаларға қамқорлық ғана емес, тұрмыстың тауқыметін тартқан отбасыларды қолдау мақсатында құрылған «Ана үйі» он жылдан бері баласынан бас тартпақ болған аналарға психологиялық көмек көрсетумен айналысып келеді. Қайырымдылық қорының негізін қалаушы Анар Рахымбаева қазіргі уақытта еліміз бойынша барлығы 21, оның ішінде Алматыда 3 және Астанада 2 «Ана үйі» жұмыс істейтінін атап өтті.

– Перзентханада жұмыс істеп жүргенде мен ата-аналары тастап кеткен балаларды жиі көретінім. Олардың көпшілігі үнемі ыңырысып жылап отыратын. Соны көргеннен кейін әлемде ешбір бала жыламауы үшін мен не істей аламын деген ойға келдім. Бұл менің жүрегімде терең із қалдырды. Содан кейін мен бас тартқан сәбилерге ана болғым келді. Бірақ өзіме мүлде бейтаныс балаларды жақсы көре аламын ба деген сұрақ туындады. Көп ойланyp, қиын өмірлік жағдайға тап болған қыздарға жағдай жасау туралы шешім қабылдадым. Осылайша, 2013 жылдың мамырында Астана қаласында алғашқы «Аналар үйі» есігін айқара ашты. Сол кезде біз перзентханалармен тығыз қарым-қатынас орнатып, баласынан бас тартқысы келетін бойжеткендермен жұмыс істедік. Кейін бізге жүктіліктің соңғы апталарында жүрген жүкті әйелдер келе бізге жүгіне бастады. Мұнда олармен мамандар арнайы кеңестер жүргізеді. Жүкті аналардың босанып, балалары ширағанша қалуына мүмкіндік қарастырылған. Біздің Қор жұмыс істеген уақытта «Аналар үйінің» қабырғасында барлығы 5 мыңға жуық бала дүниеге келді, – деді Анар Рахымбаева.

Мереке қонақтарының бірі елорда



әкімдігінің жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның хатшысы Қарлығаш Сәркенова болды.

– Бүгін біз астаналық «Ана үйі» ұжымын мерейтойымен құттықтауға келдік. Осы он жыл ішінде Қор өмірлік қиын жағдайға тап болған 1000-нан астам әйелге қолдау көрсетті. Адамдардың көптеген тағдырлары құтқарылды және балалар отбасыларда қалды. Осы жылдар ішінде Қор жұмысының арқасында 8 мыңнан астам бала ата-ана тапқанын атап өткім келеді. «Ана үйінде» жоғары білікті мамандар жұмыс істейді. Бұл әлеуметтік қызметкерлер де, психологиялық және құқықтық қолдау көрсететін психологтар да балаларды қалай тәрбиелеу керектігін біледі, аналардың балаларымен бірге тұруына жағдай жасайды. Қорға өркендеу, балаларға бақытты балалық шақ тілеймін. Сынған тағдырлар мен тастанды балалар аз болса екен деп тілеймін, – дейді Қарлығаш Сәркенова.

Іс-шара барысында осыдан он жыл

бұрын орталыққа қиын жағдайда түскен Нұрсұл атты бала «Ана үйінің» қызметкерлеріне алғысын айтса, анасы Зәуреш әннен шашу шашты.

«Ана үйінде» жүрген жас келіншектердің бірін әңгімеге тарттым. Аты-жөнін айтудан үзілді-кесілді бас тартты. Бірақ пікір білдіруге қуана келісті.

«Мұнда, негізінен, өмірлік қиын жағдайларға тап болған әйелдер келеді. Мен де солардың бірімін. Жүктілігімнің соңғы айларында жігітіммен ұрысып қалдық. Некеге тұрмадық. Таныстарымнан осындай орталықтың барын естіп, осында келдім. Қазір жағдайымыз жақсы, бөпем өсіп жатыр. «Ана үйі» ұжымының арқасында қиындықтар артта қалды. Өмірде ештеңеден қорықпау керек екен. Сіңлілеріме айтарым, қандай жағдай болса да балаларыңды тастамандар» деді көзіне жас алған келіншек.

Іс-шара соңында осы орталықта өсіп жатқан бір бүлдіршін қырқынан шығарылып, тәй-тәй басып жүрген келесі қошақанның тұсауы кесілді.

**Сарапшылар ғарыштағы қозғалысты реттеуді талап етуде.**

Бұрын тек мемлекеттік деңгейде ғана айналысатын ғарыш саласына жеке тұлғалардың келуімен, кеңістікте қарама-қарсы келіп қақтығысу қаупі туындады. Ғарыш саясаты бойынша сарапшы Бледин Боуэн: «Екі спутник бір-біріне қарай бет алса, кім жол беруі керек? Кімнің жүру құқығы бар? Бұған қатысты ешқандай ереже жоқ» дейді. Осылайша ғарыш қозғалысын да реттеуге шақырады.

**АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...**

## АРУАҚТАР НЕДЕН ЖАЗЫҚТЫ БОЛДЫ?!

Қазіргі Дін басында отырғандарға тым қиын-ау. Былай десе «салафит», «уахабист» дейміз, былай десе «сопы» деп күстәнәлап жатамыз. Шын мәнінде «сопылық» екінің бірінің қолы жете бермейтін, екінің бірі түсе алмайтын жол еді. Оның да биігіне жетпей, білімсіздігімізден аяқасты еттік.

**Айгүл УАИС**

Жарайды, қазақтың бәрі сопы болған жоқ, бірақ сол сопылардың жалғасы ишанға қол беріп, жүрегін тазалап, жолын түзеп, бағытын айқындаушы еді. Одан да айырылып қалдық. Оған да көніп, мүмкін заманына қарай келген амалы шығар деп жүргенбіз. Алайда мына оқиғадан кейін айтпасақ амалымыз қалмады. Осыдан бірнеше күн бұрын бас мүфтиіміз батагөйлерді жинапты. «Хан айтқанды қара айтады, аузының жоқ дуасы» деген де бар. Жарысқа түскен батагөйлердің дұғасы да аузы да қаншалықты дуалы екенін білмейміз, бірақ батаның көркі болған «аруақ қолдасын!» деген сөзге тыйым салғаны болмаған екен. Қап-ай, қазағымның батасының «бісмілләсі» болған мына шумақты бата күткен жұрт естімеген екен-ау деп қалдық.

«Мединеде – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет, Маңғыстауда – Пір Бекет. Уа, Жаратқан, хақ Алла, Тілегімді қабыл ет!». «Түркістанда – түмен бап, Отырарда – отыз бап, Сайрамда – бар сансыз бап, баптардың бабы – Арслан бап!» та батадан түсіп қалыпты.

Жаңақорған өңіріндегі Ақтас мешітінде көп жыл азаншы болған Досжан деген өтіпті. Сол кісінің

Мәткәрім деген баласы бар екен. Сол Мәткәрім соғысқа барғалы жатқанда өңірге белгілі Айқожа ишан ұрпағы Әззам ишан мен бір бата беріп кетейін дей келіпті. Батасын беріп кетеді. Айтайын дегенім, Алланың шеберлігін қарасаңызшы, Мәткәрім майданға барып Қазақстанда өскен, қазақтың жақсылығын көрген командирдің қол астына түседі. 17 жасында әскерге барған бозбаланы бір жылдай штабта ұстапты. 18-ге толғаннан кейін артиллерияда, кейіннен танкіге отырады. Шайқас күндерінде экипаж бір жерде тамақтанып отырғанда, мұны махорка алып кел деп жұмсайды. Мәткәрім танкіде қалған темекіні алмаққа ұмтылғанда снарядтың дауысын естіп, танкіні құшақтап жата қалған. Сонда снаряд анадай жерде отырған экипаждың үстінен түсіп, үшеуі бірдей тіл тартпай кетіпті. Басын көтерсе, гимнастеркасының иығынан бастап жеңіне дейін снарядтың жарықшағы тіліп өткен. Бірақ денесіне жетпеген. Соғыстан аман келген майдангер «Әуелі Алла, сосын Әззам ишанның батасынан қалдым-ау» дейді екен.

Жалпы, «Ақ сақалдан бата алған, Құдайдың рахметіне жолығар» деген халық «Құдай ұрған оңалар, аруақ атқан оналмас» деп те айтады. Аруақтар неден жазықты болды, түсінбедік.

## АҚ ҰЛПА ӨРТКЕ АЙНАЛМАСЫН!

Кәдімгі теректің гүл жарғаннан кейінгі ақ ұлпасы өртке себеп болатынын Астана қалалық ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасы бастығының орынбасары Ажар Рүстемова айтты.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында азаматтық қорғау органдарына түрлі төтенше жағдайлардың, оның ішінде өртпен байланысты жағдайлардың санын азайту жөнінде бірқатар міндет қойды. Бүгінде Астана қалалық төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері азаматтарға төтенше жағдайларды азайту бойынша бірқатар үгіт-алдын алу жұмыстарын жүргізіп, қауіпсіздік ережелері туралы ақпараттандырып жатыр» деді ол елорда әкімдігінде өткен брифингте.

Оның атап өтуінше, жыл сайын жаз айларының басында қалада

болған өрттің саны бірнеше есеге артады. Оған көп жағдайда теректің ақ ұлпасы себеп болып отыр.

«2022 жылғы мамыр және маусым айларында елордалық ТЖД қызметкерлері терек мамығын сөндіруге 62 рет шықты. Қаланың көшелері мен аулаларын қар сияқты басқан теректің ақ ұлпасы өз кезегінде өрттің ықтимал ошағына айналады» деді Ажар Рүстемова.

Осыған орай ТЖД өкілі қазіргі уақытта өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау, мамық жиналған жерлерді, әсіресе ағаш жақын өскен ғимараттардың айналасын үнемі тазалап отыру керектігін атап өтті.

## ТАЛҒАМСЫЗ ЖАРНАМАЛАР АЛЫНДЫ

Елордада қаланың дизайн-кодына сай келмейтін, қала көшелерінің сәнін кетіріп тұрған сыртқы жарнамалар, ғимараттарға ілінген сүреңсіз плакаттар мен маңдайшалар алынып тасталды.

«Үйлесімсіз маңдайшалар мен жарнамалық баннерлер бейберекетсіздік туғызып, қаланың көрнекі келбетін бұзады» дейді әкімдіктің Урбанистика орталығы.

Сондай-ақ орталық қала дизайнына қатысты қойылатын талаптар жарияланды. Орталықтың мәліметінше, көптеген кәсіпкерлер дүкеннің витриналарын түрлі баннерлер мен стикерлермен толтырып қояды.

Осыған байланысты қала әкімдігі сыртқы жарнаманы бекітілген дизайн-кодқа сәйкес ретке келтіруді сұрайды.

Сыртқы жарнаманы реттеп, біртұтас және үйлесімді қалалық ортаны құру, сондай-ақ көрнекі келбетін бұзатын талғамсыз жарнаманы болдырмау астаналықтардың ортақ мақсаты екенін атап өтті әкімдіктің Урбанистика орталығында.

**Британ ғалымдары үш адамның ұрығынан пайда болған алғашқы сәбидің Ұлыбританияда дүниеге келгенін мәлімдеді.**


Эмбриондарда биологиялық ата-аналардың сперматозоидтары мен жұмыртқалары донордың жұмыртқасынан митохондриялармен, кішкентай батарея тәрізді құрылымдармен біріктіріледі. Пайда болған балада анасы мен әкесінің ДНҚ-сы, сондай-ақ донордан алынған аздаған ДНҚ бар.





## НӨСЕР КӘРІЗІ МЕН АРЫҚ ЖЕЛІЛЕРІ ТАЗАРТЫЛУДА

Елордада нөсер кәрізі мен арық-науа желілерін тазарту бойынша, сорғы станциялары мен тазарту құрылыстарына қызмет көрсету, сондай-ақ проблемалық учаскелерді жою жөніндегі жұмыстар жалғасуда. Осы бағытта атқарылып жатқан басқа да іс-шаралар туралы Астана қаласының коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихаты барысында «Elorda Eco System» ШЖҚ МКК Бас директоры орынбасарының міндетін атқарушы Ерғали Омаров атап өтті.



– Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Кеңестің 2019 жылғы 8 қазандағы №19-01-7.36 хаттамасына сәйкес Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық даму мәселесі бойынша қала әкімдігіне 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін нөсер кәрізінің коллекторлары мен құрылыстары үшін айқындау тапсырылған болатын. Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің төрағалығымен өткен 2019 жылғы 3 сәуірдегі №11-3 хаттамасына сәйкес қаланы дамыту мәселелері бойынша Астана қаласының әкімдігіне нөсерлі кәріз желілерінің бірыңғай теңгерім ұстаушысын анықтау тапсырылды. Осы ретте 2020 жылғы 15 қаңтардағы №509-85 Астана қаласы әкімдігінің «Elorda Eco System» ШЖҚ МКК құрылды. Міне, содан бері бұл кәсіпорын жаңбыр, еріген және жерасты суларының су бұру жүйесінің толыққанды жұмыс істеуі үшін Астана қаласының магистральдық коллекторларының негізгі бөлігіне қызмет көрсетеді, – деді Ерғали Омаров.

Айтуынша, 2023 жылы нөсер кәрізі мен арық-науа желілерін тазарту бойынша, сорғы станциялары мен тазарту құрылыстарына қызмет көрсету, сондай-ақ проблемалық учаскелерді жою жөніндегі жұмыстар жалғасуда. Нөсерлі кәріз желілерінің жалпы ұзындығы – 458,2 км, қарау құдықтарының жалпы саны – 9 452 дана, жаңбыр құдықтарының жалпы саны – 11 050 дана, арық-науа желісінің жалпы ұзындығы – 48,7 км. Күн сайын осы жұмыстарды атқаруға 40 бірліктен астам арнайы техника мен 325 жұмысшы жұмылдырылады.

Кәсіпорын су тасқыны кезеңінде су басуды болдырмау үшін қар мен мұзды тазарту, арық желісін тереңдету, құбырларды булау, қар шығару, магистральдық коллекторларды тазалау жұмыстарын

атқарады. Биыл 42 мың м<sup>3</sup> астам су сорылып, айдалып, 6,5 км. коллекторлар тазартылды, 5,5 км. құбырлар буландырылды. 177,7 тонна тұнбаны, оның ішінде тазарту құрылыстарындағы тұнба карталарын тазарту «Эко-полигонға» шығарылды.

– I-Komek 109 қызметіне келіп түскен ашық құдықтар, нөсер кәріздерін және арық-науа желілерін тазарту мәселелері бойынша өтінімдер қаралуда. 2023 жылы келіп түскен өтінімдердің жалпы саны – 445, оның ішінде аудандар бойынша: Алматы – 63; Сарыарқа – 175; Байқоңыр – 66; Есіл – 141. Су бұру жүйесінің жұмысын жақсарту үшін 104 сорғы станциялары мен 15 тазарту құрылыстарына қызмет көрсету бойынша Кәсіпорын мамандары күнделікті негізінде ағызылатын сулардың сапасын жүйелі бақылау, су құбыры желілері мен құрылыстарын пайдалану жөніндегі қағидаларға



Нөсерлі кәріз желілерінің жалпы ұзындығы – **458,2** км, қарау құдықтарының жалпы саны – **9 452** дана, жаңбыр құдықтарының жалпы саны – **11 050** дана, арық-науа желісінің жалпы ұзындығы – **48,7** км. Күн сайын осы жұмыстарды атқаруға **40** бірліктен астам арнайы техника мен **325** жұмысшы жұмылдырылады

сәйкес сумен жабдықтау жүйесіне тиісті қызмет көрсету (тазарту құрылыстарына, сорғы станцияларына тексеру, тұнба карталарын тазалау, күн сайын коллекторларды, жаңбыр қабылдау торларын, арық-науа желілерін жуу және тазалау, құбырларды булау жүргізіледі), кәсіпорын өндірісінің технологиялық регламентін сақтау, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды бөлек жинау және кәдеге жарату, тазарту құрылыстары учаскесінің аумағын санитарлық-таза күйде ұстау, ТҚ аумағынан бір дүркін төгінділеріне жол бермеу, шаруашылық-тұрмыстық сарқынды суларды жерүсті су объектісіне ағызуға жол бермеу шараларын атқарады. Күн сайын жеке сектордан шаруашылық-фекальды кәріздердің және тұрмыстық сулардың төгінділерінің заңсыз қосылыстарын нөсерлі кәріз желісінде жою бойынша жұмыстар жүргізілуде. Ағызу фактісі анықталған кезде фото және видео материал әкімшілік сипаттағы шараларды қабылдау үшін табиғат қорғау полициясына жіберіледі, – деді «Elorda Eco System» ШЖҚ МКК Бас директоры орынбасарының міндетін атқарушы.

Жыл сайын жаз кезінде қалаларда басталатын жол жөндеу жұмысы көліктерді кептеліске тығып, жүргізушілерді әбiгерге салып қоятыны белгiлi. Осыдан қалай құтылуға болады? Неге жылдар бойы қалыптасқан әдiс өзгермейдi, жағымды жаңалықтар байқалмайды? Өзге елдер қалай, қайтiп амалдайды екен?

## ЖОЛ ЖӨНДЕУ ЖҮЙКЕГЕ ТИМЕСІН

Іс жүзінде бәрі тапсырыс берушіге, яғни ұйымдастырушыға және орындаушыға, оның ниетіне, кәсіби біліктілігі мен іске жанашырлығына байланысты. Өйткені жолдың сапасы қала тұрғындары мен қонақтарының қалтасына да, жүйкесіне де әсер етеді. Шығын қашанғы халықтың шыдамы мен төзімі есебінен өтелуге тиіс? Ғылым мен техника дамыған заманда жол құрылысы стандарттарын қадағалап, цифрландыру орнына қаржыны сиқырландыру етек жайғанын тексеру-тергеу орындары әшкерелеп те, жазалап та жатыр. Бірақ бұл үрдіс тыйылар емес, әлі жалғасып келеді.

Жалпы, өркениетті елдердің қала мәдениетінде жөндеу, реттеу, әрлеу, сәндеу жұмыстары адам аяғы басылғанда, көшеде көлік саны кемитін кезде, қозғалыс саябырситын түн мезгілінде тап-тұйнақтай етіп атқарылады. Олар ең әуелі көпшілікке ыңғайсыздық туғызбау мақсатын ұстанады. Сол үшін жұмысшыларға түнгі уақыт, демалыс, мереке күнгі еңбек тарифтері бойынша ақы төлейді. Жоспарланған учаскедегі жол қозғалысына мониторинг, зерттеу жүргізеді. Уақытты тиімді пайдалануға, жөндеу жұмысының сапасына мән береді.

Ал бізде, мамандардың айтуына қарағанда, керісінше, қаржыны ұқыпты жұмсаудан гөрі қатты үнемдеу, пайда көру пиғылымен қымқыру-жымқыру жағына көбірек алаңдайды.

Қалай болғанда да климаттық, техникалық, басқа да қолдағы ресурстарды тиімді реттеу арқылы жолаушы мен жүргіншіге қолайсыздықты шектеуді немесе мейлінше азайтуды (мерзімін, сағатына дейін нақты көрсетіп) ойластырмаса болмайды. Өйткені онсыз да көп уақытын кептеліске зая кетіретін жолаушыға қала көшелерін жөндеу жұмыстарының жиі, кейде негізсіз жүргізілетіні әртүрлі сұрақтар туындатады.

Ал түн мезгілінде жол жөндеушілердің еңбекақысын екі есе, екі жарым есе төлеу, жарықпен, басқаман қамтамасыз ету сияқты мәселелерді шешуді сала мен қала басшылары ғана емес, қадағалаушы органдар шұғыл қолға алуға тиіс деп ойлаймыз. Өйткені жалпы халықтың, кез келген адамның жолын бөгеден, алтын уақытын жеуден ауыр күнө жоқ.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың:

«...Сапасыз жасалған жол жыл сайын жөндеуді қажет етеді және бұған мемлекеттің қаржысы тиімсіз жұмсалып жатыр. Үкіметке, әкімдер мен құқық қорғау органдарына жағдайды реттеу үшін жүйелі шаралар қабылдап, оның есебін беруді тапсырдым» деп жазғаны да бар. Қабылданған шаралардың есебін халық та естіп, нақты нәтижесін көргісі келеді.

**Дархан МЫҢБАЙ,**  
мемлекет және қоғам қайраткері



## ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ТЕГІН ОҚИДЫ

Астана қаласы әкімдігінің «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығы» КММ-де үйде арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін әлеуметтік қызметкерлер үшін 5 күндік тегін күндізгі оқыту ұйымдастырылды.

Оқыту «Қазақстан Республикасының халықаралық арнайы педагогтар қауымдастығы» ЗТБ президенті, жоғары санатты логопед (нейродефектолог), нейропсихолог Тойжан Жаниеваның басшылығымен өткізілді.

Оқытудың мақсаты – арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету сапасын арттыру және ерекше

қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу бойынша жаңа дағдыларды игеру.

Дәріске 50 әлеуметтік қызметкер қатысты.

Айта кетейік, Астана қаласы бойынша бүгінгі күні үкіметтік емес ұйымдармен үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтермен бір мыңнан астам бала қамтылған.

## ТҰРҒЫН АЛАПТАР ДАМИДЫ

Биыл елорданың тұрғын алаптарын дамыту үшін 8,8 млрд теңге бөлінді. Оның ішінде республикалық бюджеттен 7,3 млрд және жергілікті бюджеттен 1,5 млрд теңге қарастырылып отыр. Бұл туралы қалалық мәслихатта баяндама жасаған Астана қалалық Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы басшысының міндетін атқарушы Мерей Байырхан мәлімдеді.

– Бөлінген қаражатқа қаланың 6 тұрғын алабында 7 жобаны іске асыру жоспарлануда. Мысалы, Оңтүстік-Шығыс тұрғын алабында инженерлік желілер мен жолдарды салу бойынша бірінші және екінші кезектегі қос жоба іске асады. Жобаға сай, барлығы 20 көше

салуды қарастырылған. Жобаның алғашқы кезегінде 6 көше салу жоспарланып отыр. Бірінші кезектегі жұмыстардың құны 6,9 млрд теңге, – деді Мерей Байырхан.

Оның айтуынша, келесі кезектегі инженерлік желілер мен жолдарды салу жұмысына шамамен 13,6 млрд теңге жұмсалмақ.

– Бірінші кезектегі жұмыс-

тарды орындау толық аяқталды. Ол – Есіл, Бұқтырма, Еділ, Жайық көшелерінің бойында инженерлік желілер, жолдар салу. Аталған көшелерді ағымдағы жылы қаланың коммуналдық меншігіне беру жоспарлануда. Екінші кезекте атқарылатын жұмыстар Ертіс, Дегерес, Ақарыс көшелерін қамтиды. Олар да биыл қаланың балансына

берілмек, – деді басқармасы басшысының міндетін атқарушы.

Мерей Байырханның айтуынша, 3 және 4 кезектегі жұмыстарды бастау үшін жобалау-сметалық құжаттар республикалық бюджет комиссиясының қарауына жіберілген. Жалпы олар 2024 жылы қолға алынады деп жоспарланып отыр.







# ҚОСЫЛҒАН ҚОС ӨЗЕН СЕКІЛДЕНІП

Елордада ырысы мен ынтымағы жарасып, ауызбіршілігімен көпке үлгі болған отбасы көп. Солардың бірі – дәстүрлі «Мерейлі отбасы» байқауының былтырғы жеңімпаздары астаналық Айнагүл және Дулат Сағитовтар.

## Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

**К**азақ ұғымында отбасының орны ерекше. Адам баласының өсіп-өнер, қаз тұрып, қанат қағар ошақ қасы, алтын бесігі саналатын киелі органы шайқалтпай, шыны-аяғын сылдыратпай, шаңырақтың берекесін кіргізіп отыру оңай шаруа емес. Отбасының түтінін түзу шығарып, шаңырақтың шаттығын шалқыту жұбайлардың екеуіне де тікелей байланысты. Отбасына он үш жылдан астам уақыт өткен Айнагүл мен Дулат Сағитовтар мұның сырын жақсы біледі.

Степногорск қаласында дүниеге келген Дулат Ералыұлы орта мектепті бітіргеннен кейін Отан алдындағы азаматтық борышын өтеп, елге абыроймен аман-есен оралады. Туып-өскен қаласындағы автомобиль көлігі техникумын бітірген жылы туысының тойында болашақ жарымен танысады.

жақсылыққа жорығанмын, тек тағдыр біз ойлағандай оп-оңай емес екен. Айнагүлмен тағдыр қосқаным еш өкінбеймін. Керісінше, оны жолықтырған Жаратқанға ризамын, – деді Дулат Сағитов.

Әдетте, жас шаңырақ иелері өмірдің тосыннан келер сынақтарына төтеп бере алмай, ортадағы балаға да қарамай, өз қарақан басының қамын күйттеп, екіге бөлініп кетіп жатады. Өкінішке қарай, бүгінде мұндайлар тым көп. Ал Сағитовтар болса тағдырдың сынағына сынбады.

Сол бір күнді еске түсірудің өзі олар үшін тым ауыр. 2010 жылдың 15 наурызы, тұңғыш қызының бірден жаңа асып, тәй-тәй басып, былдырлап жүрген кезі болатын. Ол кезде Дулат «Қазақсельмаш» зауытында жұмыс істеді. Басшылықтың тапсырмасымен 10 кВт тарату қосалқы стансасындағы ток трансформаторларын тексеру кезінде, нұсқауларды орындай отырып, ұяшықты ажыратып, оны айналдырып, кейін тексе-

Бүгінде олар алты баланың ата-анасы. Үш қыз, үш ұл тәрбиелеп отырған бақытты жандар. Өздері балаларының есіміне ерекше мән береді. Мәселен, тұңғышы – Адия. Бұл – Айнагүл мен Дулат есімдеріндегі әріптер жиынтығынан туған ат. Мағынасы да жақсы, сыйлық, сыйақы дегенді білдіреді. Шынымен де, Адия олар үшін Алланың сыйы еді. Екінші қызы – Әлия. Қазақтың батыр қызы секілді батыл әрі сенімді болсын деген ниетпен осылай атапты. Үшінші қызын атасы Нұрланның құрметіне Нұрия деп қойыпты.

Ұлдарының үлкені Алдияр – атасы мен әжесінің баласы. Бұл әрқашан күшті болу дегенді білдірсе, екінші ұлы Әбілмансұр және кенжесі Нұрислам – барлығы да спортпен шұғылданады әрі оқу озаты. Адия 4 жасынан көркем гимнастикаға барса, қазіргі уақытта оқ ату және шаңғы жарысымен айналысады. Биатлонда ойнайды. №6 гимназияның 7-сыныбында оқиды. Әлия да 4 жасынан бастап көркем гимнастикаға



**К ү й е у** жігіт жақтан келген бозбала бейтаныс құдашаға бір көргеннен ғашық болады. Целиноградта дүниеге келіп, Астанадағы №27 орта мектепті, кейін жоғары оқу орнын қаржы және несиелі мамандығы бойынша бітірген арудың да жүрегі бір түрлі шым ете түседі. Олар қыз-жігіт болып көп жүрмеді де.

– Алғаш танысқан кезімізде мен Алматыда тұрып, жұмыс істедім. Үйлену тойынан кейін жұмысқа қайта оралдым, әр демалыс сайын Астанаға келіп тұратынмын. Қоштасу қиынға соға берді, көп ұзамай жұмыстан шығып, Астанаға біржолата көшіп келдім. Бұл қалада одан басқа ешкімім жоқ еді. Біз бір-бірімізге тез үйренісіп, тез тіл табысып кеттік. Әлі күнге дейін бір-бірімізді қабағымыздан танимыз. Оның не айтқысы келіп отырғанын мен, менің не ойлап отырғанымды ол алдын ала біліп қоямыз. Сезіміме сенгеннен кейін, бірден ұсыныс жасадым. АХАТ бөліміне өтініш бердік. Бірнеше күннен кейін біз қала күні мерекесіне қатысуға шақырту алдық. Сол күні некелесуге ниет білдірген 30 жұппен бірге әсем Астананың көрікті жерлерін аралап, әдемі ескерткіштердің жанында суретке түстік. Көп ұзамай жас жұбайлар ретінде біздің жұп Есіл өзенінің жағалауындағы үлкен кемені іске қосу рәсіміне шақырылды. Жұбайлық ғұмырымыз осылайша салтанатты сәттермен басталып еді. Бәрін

руге кіріседі. Қысқасы, жоғары вольтты ток ұрып, ауыр жарақат алады. Иекке кірген ток бас пен тізе арқылы шығып, оң қолды кесуге тура келеді. Жансақтау бөлімінде 40 күн жатқанда, дәрігерлер оның аман қалатынына күмәнді еді. Екі айдан кейін ауруханадан 40 кг салмақта мүгедектер арбасымен шыққанда, бұлшық еттері атрофияланып, жүре алмай қалады. Тілсіз жау қос жанарын да жағып жіберген. Қас-қағым сәтте өмірінің астан-кестені шыққан жігіт өте ұзақ уақыт емделіп, бір-біріне қиын сәтте демеу болып, жігерін қайрап, сезіміне селкеу түсірмей, ақыры алдымен Алланың, одан соң Айнагүл Ғұмырлықызының шыдамдылығы мен табандылығының арқасында беті бері қарайды. Тері трансплантациясы бойынша көптеген операция жасалды. Балдаққа тұру үшін қанша күш-жігер жұмсалды. Санкт-Петербургке қоңырау шалып, барлық мүмкіндікті пайдалануға тырысты. Қолына протез киді. Қысқасы, қиындыққа қасқайып қарсы тұра білді. Ақыры, бірлесіп басқа түскен ауыртпалықтың бәрін де жеңді.

барды. Сонымен қатар балет және фортепианомен қосымша айналысады. №46 гимназия мектебінің 4-сыныбында оқиды. Нұрия конькимен сырғанауға барады. Сондай-ақ балетпен айналысуды жалғастырады. №6 гимназия мектебінің 2-сыныбында дәріс алып жүр. Алдияр 5 жасынан бастап шайбалы хоккей бойынша спорт мектебіне қатысса, Әбілмансұр №4 «Аружан» мемлекеттік бөбекжайында, Нұрислам әлі күшкентай.

«Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дегендей, бұл отбасында бір сәт бос отыру деген жоқ. Қай-қайсы да тынымсыз еңбек студе. Мүмкіндігі шектеулі болғанына қарамастан, отағасы екі жерде – «Каспий» спорттық дамыту қоры параолимпиядалық жаттығу орталығында әкімші және елордалық циркте диспетчер болып жұмыс істейді. Айнагүл – елешпі.

– Айрандай ұйыған берекелі отбасы болу, әрине, оңай емес. Оған ерлі-зайыптының екеуі бірдей атсалысуы керек. Отбасының берекелі болуы өзара сыйластыққа, қанағат пен ауызбіршілікке байланысты. Кешірімді бола білгеннен кішірейіп қалмайсың. Қанша қиындықты бастан өткерсек те, біз ажырасу деген ұғымды мүлдем ойламаппыз. Қайғыда да, қуанышта да бірге болдық. Сондықтан да болар, әлі күнге дейін тату-тәтті өмір сүріп, бала-шағаның қызығын бірге көріп келеміз, – деді Айнагүл Сағитова.

Қазіргі кезде мектеп пен ата-ана арасында байланыс үзілді. Қоғамда барлық адамдар, соның ішінде ата-аналар өздері әлеуметтік желіге тәуелді болып кеткенін сезе бермейді. Үйдегі бала-шағасымен пікір алысып, сырласып отырғаннан гөрі әлеуметтік желідегі басқа адамдардың өмірін қалт жібермей, қадағалап отыратын адамдар көбейді. Ал балаға қандай үлгі беріп отырмыз? Өзіміз бір уақыт өз-өзімізге есеп беріп көрейікші.

# БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ БЕЙЖАЙ ҚАРАМАЙЫҚ

## ҰСТАЗҒА ҚАНДАЙ МІНДЕТ ЖҮКТЕЛЕДІ?

Қоғамдық тәрбиенің жетекші рөлі жағдайында қоғам мен отбасы тәрбиесінің бірлігі аса маңызды мемлекеттік құжаттарда тұжырымдалған тәрбие жұмысының басты қағидалары жөнінде қарастырылған. Бүгінгі таңда болып жатқан өміріміздегі өзгерістерге байланысты ұстаздар мен ата-аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігі арта түсуде. Әрбір ұстаз ата-анамен қарым-қатынас жасауда түрлі тәсілді, қазіргі жаңа технологияларды пайдалана отырып, ата-ананың қызығушылығын арттыру мақсатында жұмыс жасаса, ата-ананың мектепке, ұстазға деген көзқарасы өзгереді. Егеменді еліміздің болашағы білім мен тәрбиеге байланысты. Ал тәрбиенің басты ұясы отбасы – мемлекеттің негізгі буыны. Қоғамдағы отбасының мақсаты – баланы дамытып қана қоймай, оны өмірге дайындап, рухани жағынан жеткізіп, тұлға ретінде қалыптастыру. Мынау жасампаз ғасырда, жаһандану дәуірінде мектеп партасында отырған баланың жан-жақты білім, тәрбие алуына ең бірінші ықпал ететін ұстаз болса, оның сүйеніші – ата-ана. Сондықтан оқуға құштар баланы мектепте ұстаздары оқытса, отбасындағы тәрбиенің көрінісін бала қоғамда, өз ортасында көрсетеді. Педагогтарға қазіргі кезде қойылып жатқан талаптың бірі – баланы бағалауға емес, өмірде функционалды сауаттылығын көрсете алатын тұлға тәрбиелеу. Яғни жаттап алып келген балаға тиісті бағасын қойып, үздік оқушы дайындағаннан гөрі білімді қабілетіне байланысты игертіп, сол білімін өмірде қолдана білсе, сол оқытудың ең тиімді жолы болмақ.

## АТА-АНАҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАП

\* Ата-ана ерекше жағдайда ғана емес, тәрбиемен ұдайы айналысуға міндетті;  
\* Баланы тәрбиелеу үшін ата-ана, яғни өзіміз тәрбиелі болуымыз керек. Тәрбие беру ақыл айту емес;  
\* Баланы жақсы көретінізді мейіріммен, жылы сөзбен жеткізіп отырыңыз;  
\* Мектептегі жағдайды жақсарту мақсатында ұсыныстар айтуға құқығыңыз бар;  
\* Қателігін түсіне білетін, балаларының жай-күйін үнемі назардан тыс қалдырмай, оларды тындау, қойған сұрағына дұрыс жауап бере білетіндей, уақыт бөліп отыратын ата-ана болу талабы бар.

«Кіреберісте, жол-жөнекей айтылған сөз бала көңілінде керекті із қалдырмайды» деген парасатты ой осыған орынды жауап болар. Бала өміріне, тағдырына, болашағына әсер ететін сәттерді үлкен жауапкершілікпен қарауға тиіспіз.

Қоршаған ортадағы теріс әрекеттерден үнемі сақтандырып отырса, мұғалім мен ата-ана арқашан сергектік, шыдамдылық танытып, жан жылуын беріп, шеберлік көрсете білсе, онда балаларымыз өзіміз болмай, қиындықтан қашпай, міндеті мен парызын орындайтын ұрпақ болары анық.



## БІЛІМГЕ БАҒЫТТАҒАН ДҰРЫС

Қазір білім алып, ғылым құғаннан гөрі тез байып, бай болғысы келетін жастар көп. «Бала бақыты – білімде» деген қағиданың ескірмейтінін ескеруіміз қажет. Бүгінгі мақсат – әрбір бала түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін білу және олардың жан-жақты дамуына ата-ана, мектеп жағдайы жасауы керек. Сондықтан сіздерге балаларыңыздың мектептен барлық мүмкіндікті пайдаланып, білім алу мен тәрбие жұмысына қатыстырып, өзін-өзі басқаратын азамат болуына атсалысу қажет.

Бізге көптеген ата-ана баланың кемшілігін мектептегі мұғалімдерден көреді. Отбасында мұғалімдер туралы жақсы пікір айтылса, алдымен ата-ананың мектеп, ұстаз туралы жақсы ниеті балаға жақсы әсер етеді. Ондай балалардың оқуға, білімге, мектепке құштарлығы артады. Ұстазды, адамды сыйлауы өзгеше болады. Мектеп, ұстаз туралы басқаша пікірде көңілі толмаған оқушының жетегінде баласының алдында ғайбат сөздер айтылар болса, ол баланың мектеп, мұғалімге көзқарасы өзгереді, оқу үлгеріміне әсер етеді. Немқұрайды қарап, үлгерімі нашарлайды. Ата-ана өз баласының ынтысын үйдегі әрекеті арқылы өзі жойып отырғанын білмейді. Білім ордасына келгеннен кейін отбасында қалыптасқан тәрбие одан әрі жалғасады. Баланың сабаққа саналы қарап, озат оқушы болып өсуі мұғалім мен ата-ананың бірігіп өсірген жеміс ағашы немесе ұшқыр ұшақ жасаумен тең десем артық емес. Дұрыс өспеген жеміс ағашы дұрыс жеміс бермесе қуануға бола ма? Сонымен, әрбір ата-ана өз баласының тәрбиелі де саналы, мәдениетті, жүрген ортасында сүйкімді болу үшін алдымен тәрбиені өзінен бастағаны жөн, яғни оғаш қылығымен баласына үлгі-өнеге көрсетпеуге тырысқаны жөн. Жас кезінде баласына дұрыс тәрбие бере алмаған ата-ана кейін бармағын тістеп өкінетіні рас. Ағаштың бұтағы секілді қалай қисайтсаң – солай өседі. Білімді азамат әрқашан да өмірде өз орнын сәттерді үлкен жауапкершілікпен қарауға тиіспіз.

## ЕРЕКШЕЛІГІ НЕДЕ?

Ата-ана – бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дү-

ниесіне үніліп, мінез-құлқындағы ерекшеліктерін жете білген жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды.

Бала үшін отбасы, бір жағынан, тіршілік мекені болса, екінші жағынан, тәрбие ортасы. Отбасы – бұл әдеп пен өнер кілті. Қазақтың отбасы көбінесе көпбалалы болып келеді. Осыған байланысты «Балалы үй – базар» дейді. Бала ең алдымен отбасында ата-анасын танып, жақсы көреді. Кейін айналы сөзінің, көбірек білуге тырысады. Отбасынан келген бала үшін топ ең алғашқы ұжым екенін ескере отырып, тәрбиеші балаларды жолдастыққа, достыққа, сүйіспеншілікке тәрбиелейді. Тәрбиеші топ балаларымен қандай қарым-қатынаста болса, балалар да бір-бірімен сондай қарым-қатынаста болады.

Жас шыбықты қалай исең, солай өседі ғой. Иә, «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» демекші, ата-ана тәрбиесі бала өмірінде үлкен із қалдырады.

## ЖАҒАҒАН ЗАМАНЫНА САЙ МА?

Шынында да, үйдегі бала-шағасымен жекелей пікір алмасып, сырласып отырғаннан гөрі әлеуметтік желідегі басқа адамдардың өмірін қалт жібермей, қадағалап отыратын адамдар көбейді. Сөйлеспеген соң, сырласпаған соң бұл кемшіліктің ұрпақ тәрбиесіне кері әсері тиетінін күнделікті өмір дәлелдеп отыр. Мәселен, ата-аналар жиналысына келмеуі, ұл-қыздың оқуы мен тәрбиесіне көңіл бөлмеуі – себебін ашуға тұрарлық мәселе. Ата-ана мен мектеп арасында байланыс болмайынша, саналы тәрбие, сапалы білім болуы мүмкін емес. Жазушы-педагог Ж.Аймауытов: «Баланы тәрбиелеу үшін әрбір тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек. Себебі бала айтып ұқтырғаннан гөрі көргеніне көп еліктегіш келеді. Солай болған соң балаға не жақсы мінез болсын, іспен көрсету керек» дейді.

Қорыта келгенде, қазіргі таңда балалардың тәртіпті болуы үшін ата-ана оларға уақыт бөліп, тәртібіне зор мән беру қажет. Жастардың үлкендерге құрмет көрсетуі, үлкендердің кішілерге ізет білдіруі, адамгершілік өмір сүру салтына айналуы керек. Сол себепті қазіргі өсіп келе жатқан ұрпаққа әрбір адам үлес қосқаны маңызды.

**Райгүл САЙЛАУБАЕВА,**  
№68 мектеп-гимназияның педагог-психологы,  
Астана қаласы



# АРҚАНЫҢ АҢҚЫЛДАҒАН АЗАМАТЫ

Саналы ғұмырын бір ғана мекемеде еңбек етуге арнаған адамды білесіз бе? Ондайлар бүгінде некен-саяқ. Ал астаналық қаламгер Бәдуан ИМАШҰЛЫ солардың қатарынан. Бір ғасырдан астам тарихы бар Ақмола облыстық «Арқа ажары» газетінде 40 жылдан астам уақыт табан аудармастан қызмет атқарған ағамыз – қазақ баспасөзінің қаламы ұшқыр, ойы жүйрік көрнекті өкілінің бірі, Қазақстанның құрметті журналисі. Арқа өңіріне танымал тұлға, Қорғалжын ауданының құрметті азаматы, Қазақстан Журналистер одағы мен Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтардың иегері биыл 75 жасқа толып отыр.



Гүлбаршын  
ӨКЕШҚЫЗЫ

## ЖІГІТТІҢ ЖАҚСЫСЫ – НАҒАШЫДАН

Ежелден Қыдыр дарып, құт қонған Қорғалжын өңірі – атақты адамдарға бай өлке. Имаш әулетінен тараған Бәдуан аға солардың сарқыншағы десе де болады. Қалың оқырманға жақсы мәлім, ол кісінің есімі де ерекше. Ес білгелі мен мұндай атты бұрын-соңды естімеппін. Мағынасын сұрағанымда, ол кісі былай деп әңгімесін өрбітті: «Ол кезде көктем ерте шығады екен. Жер аяғы кеңіп, еңбек адамдары жайлауға көшкен тұста, Ақмола облысының Қорғалжын ауданы мен Қарағанды облысының Нұра ауданы шекарасында Құләнәтпес деген өзен бар. Соның бір сағасының бойында киіз үйде Рәмила анам айы-күні жетіп, шекесі торсықтай баланы дүниеге әкелген екен. Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына үш жыл толған күн болса керек. Әкем сауын фермасының бригадирі, аудан орталығында мерекеге орай ұйымдастырылған іс-шарадан келсе, ауылдастары «Жеңіс күні туған сәбидің аты Жеңіс болсын!» деп қауқылдасып жатады. Арада екі-үш күн өткен соң іргелес ауылда тұратын шешемнің жалғыз ағасы Иманбай ақсақал әдейі ат басын бұрып, жиенін көруге жайлау төріне келеді. Дәмнен ала отырып, біраз әңгімелескен соң үлкендер жағы ол кісіге: «Азан шақырып, жиеннің атын өзіңіз қойыңыз» деп өтініш айтады. Нағашым араб, парсы тілдерін жетік білетін діндар адам еді. Асықпай намазын оқып, Құран кітабын парақтап отырып: «Бұл баланың аты Бәдуан болсын» десе керек. Ол кезде бұл сөздің мағынасын ешкім аңғармаған сияқты. Құжатыма да орыс транскрипциясымен «Бадуан» деп жазылып кетеді. Тек 2011 жылы дәм жазып, бәйбішеммен үлкен қажылық сапарына барып, мінәжат етудің сәті түскенде, бір ұстаздан осы сөздің мағынасын сұрадым. Ол кісі маған былай деп түсіндірді: «Шындығында, бұл атау парсы тілінен арабшаға енген, «қайталау» деген мағынаны білдіреді, Құран аяттарының қайырмасы санатында қолданылады».

## «АРҚА АЖАРЫ» – ӨМІРІНІҢ МЕКТЕБІ

Қарап отырсақ, қырық жыл деген қасағым сәт екен-ау. Мектеп бітірісімен ауылда механизатор болып еңбек етіп,

кеңес армиясының қатарында әскери борышын өтегеннен кейін, 1971 жылдың 16 маусымында облыстық «Коммунизм нұры» – қазіргі «Арқа ажары» газетінің табалдырығын имене аттаған балаң жігіт алғашқыда корректор, арада үш айдан артық уақыт өткенде кіші әдеби қызметкер лауазымына ие болады. Кейін бас редактордың орынбасары, Астанадағы тілшілер қосынының жетекшісі қызметтерін де абыроймен атқарады.

Осы жылдар аралығында Әнуар Ипмағанбетов, Ибрагим Қапаров, Әмірғали Нұркішев, Октябрь Әлібеков, Жомарт Әбдіхалық және Жабал Ерғалиев сынды редакторлармен қызметтес болды. Бірге еңбек ете жүріп, олардың жақсысын үйренді, өміріне азық етті.

Редакцияда қызмет атқарып жүргенде екі рет аудандық газетке редактор болып баруға ұсыныс түсіп, кейін қалалық партия комитетінің үгіт-насихат бөліміне нұсқаушылық қызметке шақырту алғанда да лауазымдардан өз еркімен бас тартты. Шығармашылық органы қиып кете алмады. Осылайша, «Арқа ажары» оның өмірлік мектебіне айналды.

## ҚОҒАМДЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ БЕЛ ОРТАСЫНДА

Ағада атақ-құрмет аз емес. Соңғы 20 жылға жуық уақыттан бері республикалық ардагерлер ұйымы қоғамдық кеңесінің мүшесі. Қаланың, облыстың қоғамдық-саяси өміріне белсене атсалысып келеді.

Кезінде қалалық комсомол ұйымының пленум мүшесі бола жүріп, жастар тәрбиесіндегі күрмеулі мәселелердің шешілуіне араласты, қазақ мектептеріне балалар жинау үшін көше-көшені аралап тізім жинап, Ақмола атын қайтаруға, облыстық «Тіл және мәдениет» қоғамын құруға, қалада қазақ драма театрын ашуға байланысты хаттар ұйымдастырып, газет ұжымымен бірге көп еңбек сіңірді.

Ол кезде №4 қазақ орта мектебі, «Коммунизм нұры» газеті мен орталық мешіт қана қазақша мекемелер санатында болды. Соған қарамастан, ұлттық дәстүрлерді үкілеп келе жатқан ағаның марқұм Мұрат Керейбайұлымен бірлесіп, «Наурыз мейрамы», «Қымыз мұрындық», «Шашу», «Тұсау кесу» сияқты мерекелік шаралардың қойылым сценарийлерін жазуға атсалысты.

Бір ерекшелігі, ағамыздың бай кітапханасы бар. Онысын өзі, балалары оқып-біліп қана қоймайды, туып-өсіп, білім алған қазіргі №1 Қорғалжын орта

мектебімен бөлісіп отырады. Олай деуімізге негіз де жоқ емес. Осыдан бес жыл бұрын мектеп бітірушілердің 50 жылдық кездесу кешінде жеке кітапханасынан аталмыш білім ордасына 100 кітабын, биылғы соңғы қоңырау қарсаңында осы мектепке тағы 350 кітабын сыйға тартты.

Қаламгер аға екі тілді еркін меңгерген. Соның нәтижесінде Ә.Нәбиев, В.Гундарев, Х.Рахимов, А.Дубицкий, М.Хасенов сынды және басқа да жерлес жазушылардың шығармаларын қазақ тілінен орыс тіліне және керісінше аударып, жариялады. Бірнеше кітаптың редакторы болды.

«Арқа ажарында» жүріп отбасын құрды. Өмірлік жары Гүлжан Ғазизқызы 20 жылдан астам уақыт қаладағы №6 емхананың бас дәрігері қызметін абыроймен атқарып, қалалық мәслихаттың депутаты болды. Ел үшін атқарған еңбегі еленіп, «Құрмет» орденін иеленген жеңгей екеуі үш ұл өсіріп, олардан өрбіген немерелерін адал еңбек етуге, білімді де білікті азамат болуға тәрбиеледі. Бүгінде сол құлыншақтарының қызығына кенеліп, рахатын көруде. Шөберенің де ауылы алыс емес... Тек сол ұрпағының болшағына алаңдайды. Әсіресе компьютер, ұялы телефонның көз жанарына, жүйкесі мен ойлау қабілетіне кері әсер ететінін ескеріп, олардың кітап оқуы мен еңбек етуіне көбірек көңіл бөледі. Жалған жылтыраққа қызықпауын қадағалайды. Бастысы, қасындағы жаны жайсаң, болмыс-бітімі қарапайым адамдарды жатсынбауға баулып келеді.

Қуаныштысы сол, біздің Бәкен өмірінің осынау мағыналы кезеңін отбасының алтын қазығы болған жан-жарымен бірге бала-шағаның шаттыққа толы ортасында қарсы алды. Сол үшін де Жаратқанға күніне мың мәрте шүкір етеді.

Сонау бір жылы асқаралы 60-қа келгенінде белгілі ақын, марқұм Кәкімбек Салықов Бәкенге арнап:

*Сарыарқа газетінде «Арқа ажары»,  
Бауырмал асыл достар бар ғажабы.  
Бәдуан – соның бірі, шын қайраткер,  
Жайнайды оны көрсен жан базары...  
...Зор саулық, ақыл, қайрат бар керегі,  
Отбасы – ортаң бірге әл береді.  
Жүре бер ортамызда жайраң қағып,  
Бәдуан – «Арқа ажары» бәйтерегі,* – деп жыр жолдарын арнаған екен.

Бүгінде сол алып бәйтеректей жапырағын жайып, тамырын тереңге тартқан, босағасына береке байланған, бақуатты да бақытты отбасының атасы атанған ағамыздың төрт құбыласы түгел, айналасы аман болса екен!

## Құрметті ата-аналар!

«Intellectual generation» ЖШС жекеменшік мектеп жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады.

Ата-ананың төлемі жылына 1200 АЕК-тен аспауы керек (2023 жылы – 4 140 000 теңге).

Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда, «Қаржы орталығы» АҚ-қа хабарласуыңызды сұраймыз.

Сенім телефондары: 8-7172-695-037, 8-7172-695-058.

# «ЖАНАРМАЙ ҚЫМБАТТАДЫ, АЛ АЗЫҚ-ТҮЛІК...»:

## ЕЛОРДА БАЗАРЛАРЫНДА БАҒА ҚАЛАЙ ӨЗГЕРДІ?

Elorda.info редакциясы оқырмандарды ай сайын Астанадағы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағасынан хабардар етіп келеді. Біз қала бойынша 4 базарға барып, ондағы бағаларға шолу жасаймыз. Шағын зерттеуіміз арқылы оқырмандарымыз өнімдерді қайдан сатып алу тиімдірек екенін біле алады. Осы жолы біз жанар-жағармайдың қымбаттауына байланысты азық-түлік өнімдеріне бір айда қанша теңге қосылғанын есептеп көрдік.

Мысалы, сәуірде қораптағы 2 келі ұнның бағасы 700 теңге болса, қазір баға 750 теңгеге дейін барады. Сәйкесінше, бір айда бидай ұны 42 теңгеге қымбаттаған. Нан бағасына 10 теңге қосылып, 170 теңгеге дейін жеткен. Макарон өнімдерінде баға тұрақты болса, көкөніс түрлері тағы да баға өсімімен көзге түсті. Сәуірде картоптың бір келісі 145 теңгеден сатылса, қазір 150 теңгеден басталады. Сәбіз бағасына 10 теңге қосылған, базарда бір келісі 150-200 теңге аралығында сатылып жатыр. Пияз тағы 11 теңгеге қымбаттапты. Бұрын ең қымбат дегенде 100 теңгеге сатылып келген оның бағасы өсіп, 250-300 теңгеден саудалануда. Бұл қатардан қырыққабат та қалысар емес. Жанармай қымбаттамай тұрып бір келісі 140-220 теңге аралығында сатылса, қазір келісі 250 теңгеге жетті.

Сыыр мен тауық етінің бағасы әзірге тұрақтамай тұр. Өткен айда сыыр еті 2800 теңге болса, қазір бір келісі 3000 теңгеге дейін жеткен. Тауық етін елордалықтар сәуірде 1450 теңгеден сатып алса, қазір бұл бағаға шамамен 200 теңге қосылды. Бүгінде сіңімді әрі тез дайындалатын тауық етін 1715-1850 теңге аралығында сатып алуға болады. Сары май бағасы 5500 теңгеге жетті, ал жұмыртқа бір айда 35 теңгеге қымбаттады.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының ішінде бір айда бағасы арзандаған өнімдер де бар. Мысалы, қарақұмық пен күрші, қант пен сұйық май, сүт пен айранның бағасы өткен аймен салыстырғанда сәл арзандады.

Сәуірде Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы басшысының орынбасары Мақсат Жаңабаев қалалық коммуникациялар қызметінде өкімдік бензин бағасының азық-түлік бағасына кері әсерін қалай тежейтінін айтқан еді.

Зарина  
СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ

11.05.2023

## ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ТАУАРЛАР ТІЗБЕСІ

	Астаналық базар	«Әлем» базары	«Шағалат» базары	Көк базар (Шығай)
Бірінші сортты бидай ұны (2 кг)	750	600	750	730
Бірінші сортты ұннан пісірілген нан	160	95	170	150
Макарон өнімдері	380	300	350	360
Қарақұмық жармасы	350	430	350	400
Тазартылған күрші	310	335	500	500
Картоп	200	150	160	150
Сәбіз	200	150	170	160
Пияз	300	315	265	250
Қырыққабат	250	150	180	160
Қант	450	430	440	450
Күнбағыс майы	900	840	850	900
Сыыр еті	2800	3000	2400	2500
Тауық еті	1800	1715	1815	1850
Пастерленген сүт	400	385	390	410
Айран	450	440	390	400
Сары май	5500	4500	4500	5000
Тауық жұмыртқасы (10 дана)	700	650	630	670
Ас тұзы	100	90	90	100
Сүзбе	1350	1300	1400	1300

## Астана қаласы тұрғындарының назарына!

Астана қаласы мәслихатының жұмыс жоспарына сәйкес, 2023 жылғы маусымның бірінші онкүндігінде «Қолжетімді және жайлы қоғамдық дәретханалар – елорданың мәдени бет-бейнесі» бағдарламасын іске асыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы» тақырыбында көпшілік тыңдаулар өткізу жоспарлануда.

Күн тәртібі бойынша ұсыныстар мен мәселелерді қалалық мәслихат аппаратына жолдауларыңызды сұраймыз. Тел.: 55-66-35, эл. пошта: astana@maslihat01.kz



– Қасымхан Сенғазыұлы, «Педагогтардың аттестациядан өту аралық мерзіміне сәйкес, зейнет жасына дейін 5 жыл қалған педагогтарды, егер олар жұмысын әрі қарай жалғастырмайтын жағдайда, аттестаттау рәсімінен босату қарастырылуда» деді Оқу-ағарту министрі Ғ.Бейсембаев. Аттестаттауға қатысты бұл бұйрық күшіне енді ме, аттестаттаудың неше кезеңі бар?

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығының (2022 жылғы 30 желтоқсандағы №533 өзгерістерімен) 15-тармағына сәйкес, педагог аттестаттаудың 3 кезеңінен өтеді: біліктілігін бағалау, қызмет нәтижесін кешенді талдамалық жинақтау, білім бағалау және эссе жазу.

Қолданыстағы нормативке сай жасы бойынша зейнетақыға дейін төрт жылдан аспайтын педагогтар аттестаттау рәсімінен босатылады. Қолда бар біліктілік санаты оның берген өтінші негізінде зейнет жасына толғанға дейін сақталады.

Бүгінде министрлік тарапынан аталған бұйрыққа өзгеріс енгізу бойынша жұмыс жүргізу қарастырылуда.

## АТТЕСТАТТАУ МҰҒАЛІМГЕ НЕ БЕРЕДІ?



Қазіргі уақытта барлық педагог аттестацияның үш кезеңінен өтеді: біліктілігін бағалау, қызмет нәтижесін кешенді талдамалық жинақтау, білім бағалау және эссе жазу. Аттестаттау мұғалімге өзінің біліктілік деңгейін арттыру мәселесіне тиімдірек қарауға мүмкіндік беріп, негізгі міндетті, яғни білім сапасын арттыруды шешуі тиіс. Осы орайда Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан СЕНҒАЗЫЕВ ПЕН сұхбаттасқан едік.

– «32 жыл стажым бар, бұрынғы категориям жоғары, мен тестке барамын ба? Бізге бір рет айтқанда модераторға тапсырсаңыздар, тестке бармайсыңдар деген. Енді бүгін бұрын жаңа форматқа өтпеген соң тестке барсаңыздар деп келіпті» деп сұрайды қала мектебіндегі бір мұғалім. Оған жауабыңыз қандай? Қандай да бір жаңа категория алсаңыз, міндетті түрде тесттен өту қажет пе?

– Аталған бұйрықтың 124-тармағына сәйкес, бейні бойынша 30 және одан

да көп жыл педагогикалық және өндірістік өтілі бар педагогтар ескі жүйе бойынша «бірінші», «жоғары» санаты болған жағдайда «педагог-модератор» біліктілік санатына ауысқан кезде тесттен босатылып, қызмет нәтижесін кешенді жинақтаудан өтеді. Ал егер педагог «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» біліктілік санатын алған кезде жалпы негіздерде өтетін болады. Демек, педагог біліктілік санатын көтеретін болса, онда аттестаттау рәсімінің барлық кезеңінен өтеді және

тестілеуді де тапсырады. – Мұғалімдердің білімін бағалау: кімдер эссе жазудан босатылады, эссе бағалана ма және педагогқа біліктілік санатын бермеуге негіз бола ала ма?

– Көрсетілген бұйрыққа сәйкес, педагогтың білім бағалау кезінде ол эссе жазудан міндетті түрде өтеді. Алайда эссе бағаланбайды, жазылған эссе аттестаттау комиссиясына соңғы нәтиже шығару үшін беріледі.

– «Аттестаттау процесін автоматтандыру қолға алынды. Қара-

пайым тілмен айтқанда, аттестация жүйесі «бір батырма» принципімен жүргізіледі. Яғни мұғалім тек аттестациядан өтуге ниет білдіргенін растайды, ал аттестациядан өтушінің жеке құжаты және оның біліктілігінің деңгейін анықтайтын тиісті материалдарды ақпараттық жүйе өзі автоматты түрде жинақтап, талдап, қысқа уақыттың ішінде қорытындысын шығарады. Бұл адами факторды толықтай шектеп, объективтілік пен транспаренттікті орнатуға ықпал етеді» деді

Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев. Жоспарланған жаңа өзгеріс педагог қызметінің жоғары кәсібилігін, жетістігін, оқушылардың нәтижелі көрсеткішімен тікелей байланыстыруға мүмкіндік бере ме, орындалмай қалатын, өзгертін көп реформаның бірі ретінде қалмай ма?

– Бүгінде ҚР Оқу-ағарту министрлігі тарапынан Ұлттық білім беру деректер қорына атаулы өзгеріс енгізілуде. Осы деректер қорына арнайы педагогтың профилі жасалуда. Онда әр педагог бойынша қажетті деректер интеграция арқылы енгізіледі, толық мәліметтер бір жерден көрінетін болады. Енгізілген жағдайда, педагог аттестаттаудан өту үшін тек өз арызын береді. Бұл шаралар аттестаттау рәсімінен ауыртылғысыз өтуге көмектеседі.

– Педагогикалық қызметке алғаш рет кіріскендерге қандай талаптар қойылады?

– Мемлекеттік білім беру ұйымының педагог лауазымына орналасу конкурсы арқылы жүргізіледі. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам, оның ішінде жас маман да, сертификаттаудан өту нәтижесі туралы сертификатты ұсыну қажет. Демек, жұмысқа

орналаспас бұрын педагог сертификаттаудан (тестілеуден) өтуге міндетті. Сонымен қатар, тәжірибесі жоқ кандидат әңгімелесуге келгенде міндетті бейне-презентациясын кемінде 15 минут көрсетуі тиіс.

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №160 бұйрығы әзірленгені бәрімізге мәлім. Онда тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидалары және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтарға қойылатын талаптар, орта білім беру ұйымдарында тәлімгерлікті ұйымдастыру және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтарға талаптар белгілеу тәртібі айқындалды. Орта білім беру ұйымына кәсіптік қызметке алғаш рет кіріскен педагогқа бір оқу жылы кезеңіне тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагог бекітіледі.

– Аттестаттауға қатысты педагогтардың сауалдары болса, кімдерден анық-қанығын сұрай алады?

– Аттестаттауға қатысты педагогтардың сауалы болған жағдайда, 8 (7172) 55-68-55 немесе 55-68-57 нөмірі бойынша хабарласу керек.

## БАЛАБАҚША ТАМАҒЫ САПАЛЫ МА?

ШЫҒЫНДЫ СУБСИДИЯЛАУҒА ҚАНДАЙ МҰМКІНДІК БАР



Балабақшада тамақтану жағдайын дұрыс ұйымдастыру – олардың денсаулығын сақтаудағы маңызды шараның бірі. Бұл өзекті мәселе жуырда Астана қалалық мәслихатының отырысында талқыланды.

Қалалық мәслихатта Асқар Смағұловтың төрағалығымен әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның балабақшаларды 2023 жылға тамақтандыру бойынша субсидиялау мәселесі бойынша отырысы өтті. Тұрақты комиссияның төрағасы отырысқа қатысушыларды депутаттар тобының отырысқа дайындық шеңберінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқудың бірқатар объектісіне барғаны туралы хабарлар етті.

Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев мектепке дейінгі ұйымдар желісін дамыту жөніндегі ағымдағы жағдай туралы баяндап, 0 жастан 2 жасқа дейінгі және 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды қамту, Info электрондық порталында тіркелген балалар саны бойынша статистика деректерін келтірді. Қ.Сенғазыев ағымдағы жылы көпкөпәрілі кешендердің бірінші қабатында 500 орынға шақталған балалар орталығын ашу жоспарланып отырғанын атап өтті. 12 балабақша аттестат-

таудан өтті, 57 балабақшада аттестаттау жоспарланған. Білім басқармасы «Болашақ» КҚ-мен бірлесіп, аутизм және дамуың басқа да ерекшеліктері бар балаларға білім берудің инклюзивті моделін енгізуге бағытталған «Әрбір бала мектепке лайық» жобасымен жұмыс істеуде. Балабақшаларда инклюзияны неғұрлым ауқымды енгізу үшін қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу қажет.

Балабақшаларда тамақтандыруды ұйымдастыруға қатысты Білім басқармасының басшысы Қазақ тамақтану академиясымен бірлесіп, балабақшаларға арналған бірінші мезір, технология картасы әзірленгенін хабарлады. Жекеменшік балабақшаларда тамақтану құны 20800 теңгені құрайды. Мемлекеттік балабақшаларда тамақтану құнын жекеменшік балабақшалар құнының деңгейіне дейін жеткізу ұсынылады, өйткені тамақтандыру тарифі 8 жыл бойы қайта қаралмаған және бүгінгі таңда балабақшаларда тамақтандыруды қаржыландыру

республикадағы ең төмен бағаның бірі саналады. Қ.Сенғазыев проблемалық мәселелердің ішінде кадр әлеуеті мәселесін де ерекше атап өтті. Бүгінгі таңда қалада балабақша меңгерушісінің 12 бос орны, тәрбиешінің 401 бос орны, тәрбиешінің көмегінің 246 бос орны қалыптасқан, тәрбиешілердің 32 пайызында бейіндік білім жоқ.

Депутат Т.Адамбеков бюджет жөніндегі комиссия бейіндік комиссиямен бірлесіп, мектепке дейінгі тамақтандыруды қосымша субсидиялауды қолдау үшін айтарлықтай жұмыс атқарғанын атап өтті. Айтуынша, қалада жылына кем дегенде 30 мың бала туады, осыған байланысты жыл сайын мектепке қанша бала жіберіледі деген сұрақ туындайды. Ата-ананың көпшілігі балаларының мемлекеттік балабақшаларға барғанын қалайтыны белгілі. Депутаттың пікірінше, әр ауданда балабақша салуды жоспарлау қажет. Сайлауалды науқан барысында депутаттар тұрғындармен кездесіп, екі мемлекеттік балабақшаға барып,

тәрбиешілер мен балалардың ана тілін білуі туралы әңгімелескен. Балалар қазақ тілінде тек сабақ кезінде, ал сабақтан кейін орыс тілінде сөйлейтіні анықталды. Басқарма тарапынан тілдің жағдайын жақсарту үшін қандай іс-шаралар жоспарланып отыр, сондай-ақ балабақшаларда қауіпсіздік қамтамасыз етілген бе деген сауалдар қойылды.

Депутат М.Ажиденова жеке балабақшалар туралы сөз қозғайды, олардың 80 пайызы үй-жайларды жалға алады. Ата-аналар баласына балабақша таңдағанда білікті тәрбиешілердің болуы, балабақшаның жұмыс орнына жақын орналасуына байланысты таңдайды. Депутат Білім басқармасының басшысына балабақша қызметкерлерінің жалақысын ұлғайту бойынша уәкілетті органға ұсыныстар енгізуді сұрады, өйткені бүгінгі таңда өте төмен жалақыға байланысты балабақшаларға тәрбиеші табу қиын.

Депутат Е.Дәкенов үш мемлекеттік балабақшаға барғанын, барлық жерде жұмыс жүргізіліп

жатқанын, алайда «Ер Төстік» балабақшасының шатыры жөнделмегенін, бұл балалар үшін өте қауіпті екенін айтты.

Депутат С.Самидин де балабақшаларды аралауға қатысқанын айтып, балабақшалардың қанағаттанарлық жұмысына қатысты әріптесін қолдады. Дегенмен балабақша басшыларының тамақтандыруды ұйымдастыруында айырмашылық бар. Мысалы, «Бәйтерек» балабақшасының басшысы бұл мәселеге өте ығымды қарайды және мезір басқа балабақшаларға қарағанда әлдеқайда әртүрлі, сондықтан оң тәжірибені тарату қажет. Депутат ескі балабақшалардың үлкен аумағы және балабақшаларға жапсарлас құрылыс салу мүмкіндігі бар екенін атап өтті. Сондай-ақ, депутат өз округінің ата-аналары мемлекеттік балабақшалар салуды талап ететінін айтты, өйткені жеке балабақшалар нашар жұмыс істейді. Мемлекеттік балабақшалар бақыланады, сондықтан олардың жұмысы қанағаттанарлық. С.Самидин жеке балабақшаларды бақылауға қатысты қаулыға өзгерістер енгізуді ұсынды, өйткені мәселе балалар жайлы болып отыр.

Тұрақты комиссияның төрағасы көптеген балабақша ойын алаңын ашуға өтінім беретінін, бірақ ҚНЖЕ бойынша өтейтінін, өйткені ғимараттан алаңға дейінгі арақашықтық шағын болуы тиіс екенін атап өтті. Қазір аулаларда қосымша орын жоқ. Болашақ балабақша құрылысында ойын алаңы үшін орын болу жөнінде құрылыс салушыларға талап қойылса деген тілек айтылды.

Депутаттар ата-аналар тарапынан сыңға ұшырамау үшін жекеменшік балабақшаларды ашу ережесін қатаңдату ұсынды, тәрбие мен оқыту қазақ тілінде жүргізілетін балабақшалар санын ұлғайтуға байланысты Білім басқармасы басшысының ұстанымын қолдайтынын білдірді, балабақшаларда тамақтану тарифін ұлғайтуды, балабақшалар штатына диетолог бірлігін енгізуді қолдады, қосымша құрылыс және жаңа бас жоспарға енгізілуі тиіс әлеуметтік нысандар (жеке балабақшалар, дене шынықтыру-сауықтыру кешендері және т. б.) мәселесін жеке отырыста талқылауды ұсынды.

Комиссия төрағасы отырысты қорытындылай келе, комиссияның қарауына шығарылған мәселе қаралғанын және депутаттардың ескертуі мен ұсынысы ескеріле отырып, тиісті қаулы қабылданатынын хабарлады.

**P.S:** Субсидиялау не береді: біріншіден, балабақшалардағы кезекті едәуір төмендетеді, жергілікті бюджеттен мемлекеттік білім тапсырысы орналастырылады. Екіншіден, жеке балабақшалардағы, тәрбиеленушінің жасына қарамастан, тамақтануға жұмсалатын шығындардың 100 пайызын өтеу жоспарланады. Қаражат өтінімдердің түсуіне байланысты анықталады. Қанша орын анықталса, сонша орынға қаржы бөлінеді. Қазіргі уақытта 398 жекеменшік балабақшада мемлекеттік білім беру тапсырысы қолданыста. Бұл – бір балаға айына 46189 теңге бөлінеді деген сөз. Жалпы, жеке ұйымдардың мемлекеттік білім беру тапсырысы үшін келесі талаптар мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасының нормативтік-құқықтық актілерге міндетті түрде сәйкестігі, яғни санитарлық-эпидемиологиялық нормалардың сақталуы және де тамақтану үшін ата-ананың ақы төлеу жиынтығы айына 20800 теңгеден аспауы қажет.



## МУЗЫКА ШЫРАҒЫН ЖАҚҚАН МАЭСТРО

Өзінің ерекше қолтаңбасы бар талантты композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Астана қаласының құрметті азаматы Төлеген Мұхамеджановтың мерейлі 75 жылдығына орай «Астана Опера» театрының Күләш Байсейітова атындағы камералық залында «Музыка – сезім шырағы» атты кеші өтті.



Гүлшат  
САПАРҚЫЗЫ

Ұлттық музыка өнерінде ерекше қызмет еткен композитор жаңа елорданың қалыптасу жылдарында қала әкімінің орынбасары бола жүріп, бас шаһардың руханияты мен мәдениетінің дамуына айтарлықтай үлес қосты.

Төлеген Мұхамеджанов – классика-

лық және эстрадалық жанрды құстың қос қанатындай сәтті алып жүрген заманымыздың ең танымал, жарқын авторларының бірі. Оның шығармашылық қоржынында симфониялар, опералар, музыкалық комедиялар, ішекті аспаптарға арналған квартеттер, симфониялық пьесалар, Абай өлеңдеріне арналған вокалдық топтамалар, романстар, әндер, кино мен театрға арналған музыка бар.

Концертте композитордың камералық-аспаптық және вокалдық шығармалары танымал опера әншілерінің, саусағынан бал тамған аспапшылар мен камералық ансамбльдердің орындауында шырқалды.

Астананың төрінде өткен әдемі кеште Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Шахмардан Әбілов, Қазақстан Республикасының Халық әртісі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Нұржамал Үсенбаева әсем әндерімен көрермендерді баураса, фортепианода Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Амир Тебенихин, флейтада Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бекболат Байсағатов керемет өнер көрсетті. Фортепиано партиясын Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Раушан Бескембиров мен халықаралық байқаулардың дипломанты Жанар Ахметова шебер орындап шықса, «Forte trio» ҚР мемлекеттік триосы фортепиано, скрипка, виолончельмен орындаған классикалық шығармаларға жиналған қауым ду қол шапалақтап, қолпаштап отырды.

Концертте Г.Жұбанова атындағы мемлекеттік ішекті аспаптар квартеті өнер көрсетті. Кешке қатысқан барлық өнер тарланы композитор Т.Мұхамеджановтың шығармаларын орындап, елордалықтар алдында айрықша классикалық музыка кешінің, музыка мерекесінің айқын үлгісін көрсетті.

## АСТАНАДАҒЫ АРАЙЛЫ КЕШ

17 мамырда Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония мен «Сарыарқа» халық музыкасы ансамблі «Өр Алтай» концерттік бағдарламасын ұсынады. Концерт ҚР Ұлттық әскери-патриоттық орталығының сахнасында өтеді.



Қазақ музыкасы жүздеген жылдар бойы Алтайдан Атырауға дейінгі ұлан-ғайыр далада шырқалып келеді. Осы уақыт ішінде ол аймақтық, орындаушылық ерекшеліктеріне қарай бірнеше мектепке бөлінді. Ал олардың ішінде Алтай-Тарбағатай ән мәнәрі ерекше орын алады.

Тарихы терең осы өлкеде туып, осы өлкеге жан-тәнімен берілген дарынды ақын-сазгерлердің шығармашылығы жанды өлеңдермен, әуезді әндермен, сазды күйлермен көрініс тапқан. Әсерлі музыкада ең асқақ сезімдер, тыңдаушының жүрегін тибіретін сақылмас сағыныш және құдіретті махаббат бар. Ежелгі рухани қуатқа толы «Өр Алтай» кеші осының дәлелі болмақ.

Дәстүрлі ән кешінде халыққа кеңінен танылып жүрген, таңдайынан жыр маржаны төгілген күміс көмей әншілер мен термешілер, музыканттар өнер көрсетіп, елорданы ән мен сазды әуенге бөлейді.


## НҰРҒИСА ЕРЛЕДІ

Оңтүстік Кореяның Чинджу қаласында ауыр атлетикадан Азия чемпионаты байрағын көтерді. Бұл чемпионаттың басты ерекшелігі – жеңімпаздар Париж Олимпиадасына жолдама алады.

Әйел атлеттер 45, 49, 55, 59, 64, 71, 76, 81, 87 келіге дейін және 87 келіден жоғары салмақта сынға түседі. Ал ерлер 55, 61, 67, 73, 81, 89, 96, 102, 109 келіге дейін және 109 келіден жоғары

салмақта өнер көрсетті. Бұл жарыста 22 жастағы жерлесіміз Нұрғиса Әділетұлы 102 келіде бақ сынады. Ол қос сайыс бойынша 400 келіні бағындырып, топ жарды.

Екінші орында 398 келіні бағындырған Джин Юн Сон (Оңтүстік Корея), үшінші орынды 392 келіні басынан асырған Чан Ён Хак (Оңтүстік Корея) алды.



## СУРЕТ СЫРЫ



Бауыржан Момышұлы Әбділда Тәжібаевпен бірге. Шымкент қаласы, 1925 ж.



Мәншүк Мәметова анасымен бірге «Каменское плато» шипажайында. Алматы облысы, 1935 ж.

\* ҚР Орталық мемлекеттік кино-фотоқұжаттар мен дыбыс жазбалар архиві ұсынған



## АЗИЯДА ТОП ЖАРДЫ

Үндістанның Аллапуджа қаласында пауэрлифтингтен Азия чемпионаты өтіп, оған 16 елден 300-ге жуық спортшы қатысты.

Алты күнге жалғасқан Азия чемпионатында елордалық пауэрлифтингшілер жоғары нәтижеге қол жеткізіп, 8 алтын, 1 күміс, 3 қола жүлдені қанжығасына байлады. «Ел байрағын Үндістанда желбіретіп, алты мәрте әнұра-

нымыз шырқалды. Бұл – біз үшін үлкен мақтаныш. Біздің құрама командамыз тамаша нәтижеге қол жеткізіп, жеңіс тұғырына шықты. Қуаныштымыз» деді пауэрлифтингтен Астана қаласының аға жаттықтырушысы Евгений Руденко.